

**"Жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемдер беру Нұсқаулығы туралы
" Жалағаш ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 4 наурыздағы N 765 қаулысына
өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 10 сәуірдегі N 779 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жалағаш аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 22 сәуірде N 10-6-121 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 04 шілдедегі N 222 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2011.07.04 N 222 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы және " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңдарына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемдер беру Нұсқаулығы туралы" Жалағаш ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 4 наурыздағы N 765(нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің 2009 жылғы 24 наурыздағы N 10-6-120 болып тіркелген, 2009 жылғы 1 сәуірдегі N 27 "Жалағаш жаршысы" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулының 3-тармағындағы "қаулыларының күші жойылды деп танылсын" деген сөздер "қаулылары жойылсын" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулының 1-қосымшасымен бекітілген Жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемдер беру Нұсқаулығында:

1-тармақтағы "қаза тапқан әскери қызметшілердің қайталап некеге отырмаған " деген сөздер "қайтыс болған соғысқа қатысушылардың екінші рет некеге тұрмаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"телефон байланысы (Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне және жеңілдіктермен кепілдіктер жағынан соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдарға беріледі). "

7-тармақтағы "аудан бюджетінен" деген сөздер "тиісті бюджеттен" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулының 2-қосымшасымен бекітілген Жекелеген санаттағы азаматтарға шаштараздар және моншалар қызметтері бойынша әлеуметтік

төлемдер беру Нұсқаулығында :
6-тармақтағы "аудан бюджетінен" деген сөздер "тиісті бюджеттен" деген
сөздермен ауыстырылсын ;
3-қосымшадағы Жалағаш ауданы әкімдігінің күші жойылған кейбір
қаулыларының тізбесінде :
тақырыбындағы "күші" деген сөз алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

Ө. ШАМЕНОВ